| | | |
|---|---|---|
| **АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МӘСЛИХАТЫ** | | **МАСЛИХАТ ГОРОДА АСТАНЫ** |

**ШЕШІМ** **РЕШЕНИЕ**

09.09.2016 № 46/8-VI

Астана қаласы город Астана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

Нормативтік құқықтық акт 2016 жылғы "10" қазанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 1067 болып енгізілді

**«Қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы» Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 521/75-IV шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі кодексінің 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. «Қосымша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы» Астана қаласы мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 521/75-IV шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы 30 желтоқсанда № 707 болып тіркелген, 2012 жылғы 7 қаңтарда «Астана ақшамы» № 2 және «Вечерняя Астана» № 2 газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 - тармақта 6) және 7) тармақшалар мынадай мазмұнда жазылсын:

«6) Драве синдромы ауруына арналған «Стирипентол» препараты, капсула;

7) Қалқанша безінің медуллярлы ісігі ауруына арналған «Вандетаниб» препараты, таблеткалар;»;

1-тармақ мынадай мазмұндағы 8) және 9) тармақшалармен толықтырылсын:

«8) «Инфликсимаб» препараты, көктамыр ішіне енгізілетін ерітінді дайындау үшін концентрат дайындауға арналған лиофилизацияланған ұнтақ, 100 мг, «Бехтерев ауруына» арналған «Адалимумаб» инъекцияға арналған 40 мг/0,8 мл ерітінді;

«9) Муковисцидоз ауруына арналған «Тобрамицин» препараты, капсулаларда ингаляцияға арналған 28 мг ұнтақ.»

0001239

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз
Бланк без серийного номера не действителен

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Астана қаласы мәслихат сессиясының төрағасы** **З. Шибкенов**

**Астана қаласы мәслихатының хатшысы** **Ж. Нұрпейісов**

**«КЕЛІСІЛДІ»**

**«Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (ДСБ) басшысы** **Е. Байжүнісов**

(09.09.2016 ж.)

(ДСБ)